

# БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Азаматтық кодекстің №89/2012 жарлығына сәйкес жасалды,  
заң бойынша қарастырылмайтын келісім 1746(2) бөлім бойынша жасалды

## 1-бап

### Тараптар

.....

осы құжатта “Мектеп” деп аталады

және

заңды өкілдің аты-жөні: .....

Туған күні: .....

Жеке куәлігінің №: ..... жарамдылық мерзімі:

.....

тұрғылықты мекенжайы:

.....

.....

байланыс мекенжайы (тұрғылықты мекенжайынан бөлек болса)

.....

электрондық поштасы: ..... байланыс телефоны:

.....

.....

кәмелет жасқа толмаған баланың заңды өкілдері ретінде

аты: ..... туған күні:.....

бұл құжатта “заңды өкілдер немесе бала”)

## 2-бап

### Кіріспе ережелер

2.1 Мектеп – Чех Республикасының Білім, жастар және спорт министрлігінің шешімі бойынша бастауыш мектептің, мектеп мекемесінің және мектепке дейінгі мекеменің негізін қалаушы.

Шешім

№:.....

.....

2.2 Заңды өкілдер кәмелет жасқа толмаған баланың (балалардың) мүддесі мен пайдасына сәйкес заң аясында іс-әрекеттер орындауға міндетті.

## 3-бап

## Келісім нысаны

3.1 Мектеп осы келісім мен қолданыстағы заң талаптарының аясында білім беруі керек және баланың заңды өкілдерімен бірге баланың болашақ өмірін қалыптастыру үшін бастауыш мектептегі білімнің маңыздылығын ескере отырып, жалпы моральдік қағидалар бойынша оқушыға білім беру процесіне қатысуы тиіс. +Білім беру процедураларының бір бөлігі ретінде мектеп Чех Республикасының Білім, жастар және спорт министрлігінің және .....

.....  
аймақтық атқарушы органдардың нұсқауларын басшылыққа алады.

3.2 Заңды өкілдер мектеп ортасымен танысып шыққанын және мектеп ақысын және осы келісімнің шарттарына кіретін басқа төлемдерді (5-ші және 6-шы баптарды қараңыз) тиісінше төлеп тұратынын мәлімдейді. Сонымен қатар заңды өкілдер мектеп ережелерін, ондағы жарияланған құжаттар мен оның мазмұнын, сондай-ақ осы келісімдегі тараптарға міндеттелетін мектептің басқа да ішкі ережелер жинағын білетінін және олармен танысып шыққанын мәлімдейді.

## 4-бап

### Мектепке келіп жүру

4.1 Мектепке келіп жүру дегеніміз – бастауыш мектептің оқу жоспарындағы оқыту бағдарламасына оқушының толықтай қатысуы. Мектеп өзі беретін білімнің кемінде мемлекеттік бастауыш мектептердегі берілетін біліммен бірдей болатынына кепілдік береді.

4.2 Мектепке келу жүйесі мектеп ережелері бойынша анықталады. Ол мектептің қазіргі қажеттіліктеріне, мүдделердің шұғыл болуына және компанияның атқарушы бөлімінің және мектеп басшылығының нұсқаулары бойына толықтырылып және реттеліп отырады. Заңды өкілдер мұндай нұсқауларға бағынуы керек. Оқушы да мұғалімдер мен мектептің басқа өкілдері айтқан нұсқауларды өз мүддесі үшін орындауы керек.

4.3 Мектеп өз міндетін атқару мақсатында қолданатын ғимараттарға оқушы тұрақты түрде келіп отыруға міндетті. Ондағы барлық жауапкершілік заңды өкілдеріне түседі. Оқушы мектеп ғимаратынан мектептегі ережелерге сай шығып кетпесе, оқушыны оның заңды өкілі алып кетпесе немесе өз еркімен мектеп ғимаратынан кетіп қалмаса (бастауыш мектеп оқушысы), оқу процесінің бір бөлігі ретінде немесе мектепке келіп жүру талаптарына сәйкес (мектептегі клуб, хобби клубтары және т.б.) мектеп сыныптағы оқушыға жауапты болады.

## 5-бап

### Мектеп ақысы

5.1 Мектеп ақысы келісілген төлем кестесі бойынша төленеді және мектепке 1 жыл бойы келіп жүру ақысы – ..... чех кронасы. Мектеп ақысы ағымдағы оқу жылының келісіміне қол қою кезінен бастап үш жылға бір бағада бекітіледі. Одан кейінгі жылдарда заң талаптарына сәйкес инфляция деңгейінің өсуіне байланысты мектеп ақысы өсуі мүмкін. Егер біздің мекемеге келіп жүрген тағы бір бала үшін жеңілдің қарастырылуын сұрағыңыз келсе, [www .....cz](http://www.....cz) сайтында жарияланған прайс-листті қараңыз. Заңды өкіл **әр оқушы үшін төменде көрсетілген айнымалы таңбасы** бар № ..... шотына банк аударымы арқылы тиісті уақытынан кешіктірмей төлеп жасап отыруға міндетті. .... **Төлемдерді 10 немесе 12 жарнаға бөліп тастауға болады.**

5.2 Заңды өкіл әрбір айдың 15-не дейін келесі айдың төлемін жасауы керек. **Мектеп ақысының алғашқы жарнасы ..... айы үшін ..... жұлдызынан кешіктірілмей**

**жасалуы керек.** Мектеп ақысының төлемі – мектептің банктегі шотына салынған ақша сомасы. Келісімге басқа да өзгерістер енгізілетін болса, түзетулер жасалады.

5.3 Мектеп ақысы ең алдымен оқушыларды бастауыш мектепте және мектеп клубтарында оқыту және білім беруге қатысты шығындарды өтеуге, оқулықтар мен оқы жабдықтарын сатып алуға, сақтандыруға, сонымен қатар мектептің дұрыс әрі тиімді жұмыс істеуіне қажетті басқа шығындарға жұмсалады. Мектеп ақысы тамаққа, хобби клубтарына, мектептегі курстарға, мектеп сыртындағы шараларға қатысу және т.б. үшін жұмсалмайды.

5.4 Мектептегі жағдайға байланысты болмаса, оқушының мектепке келмеуіне немесе мектептегі оқуын тоқтатуына байланысты ағымдағы жылға төлеген мектеп ақысы немесе оның бөлігі қайтарылмайды. Заңды өкілдің жазбаша өтініші негізінде атқарушы органның және мектеп директорының шешімі бойынша кейбір ерекше жағдайларда мектеп ақысы алынбауы мүмкін.

5.5 Осы келісімдегі талаптарға сәйкес заңды өкілдер мектеп ақысын төлеуге міндетті, ал мектеп осы келісімнің 3-бабына сәйкес әрекет етуге міндетті. Мектеп ақысының қандай да бір жарнасын дұрыс төлемеген жағдайда, оқушы мектепте ұйымдастырылған іс-шараларға қатыса алмайды, бірақ оған балама оқытудың шектеулі бағдарламасы ұсынылады. Мектеп ақысын төлеуге қатысты шарттар бірнеше рет бұзылған жағдайда, бекітілген сома туралы заңды өкілге жіберілген хабарландыру негізінде мектеп оқушының сабағы үшін 12 айлық төлем мөлшерінде алдын ала депозит құюын талап етуге құқылы. Мектеп ол депозитті әдепкі мектеп ақысына қолданады. Заңды өкіл мектеп сұрауы бойынша депозитті қажетті сомаға дейін толтырып отыруға міндетті болады. Депозитке ешқандай пайыздық мөлшерлеме қосылмайды және келісім бұзылған жағдайда немесе мектеп одан бас тартқан жағдайда, депозит қайтарылуы мүмкін.

5.6 Мектеп ақысын немесе тамақ ақысын төлеу кешіктірілген жағдайда, мектеп ақысы төленуі керек мерзімнен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап мектеп әрбір күн үшін заң бойынша 0.05% қосып отыруға құқылы.

## **6-бап**

### **Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

6.1 Мектеп оқушыларға гигиеналық талаптарға сәйкес тамақ ұсынуға міндетті.

6.2 Заңды өкілдер келесі күнтізбе айының 10-на дейін оқушының тамағына берілетін төлемді толық мөлшерде жасауға міндетті. Тамақтың төлемақысы банктегі шоттан тікелей ұстап қалу арқылы алынады және заңды өкілдер банк шоттарының параметрлерін орнату арқылы ынтымақтастық танытуға міндетті.

6.3. Мектеп немесе тамақ ақысын төлеу мерзімін кешіктірген жағдайда, мектеп мына шарттарға сәйкес еске салғыш хабарландырулар жіберуге міндетті:

төлем мерзімі өтіп кеткен соң 4 күннен кейін заңды өкілдің электрондық поштасына 1-ші еске салғыш жібереді.

Ол 1-бапта көрсетілген – ақы алынбайды;

тағы 4 күннен кейін заңды өкілдің электрондық поштасына 2-ші еске салғыш жібереді.

Ол 1-бапта көрсетілген – ақы алынбайды;

3-еске салғыш – электрондық пошта, телефон арқылы хабарласу, соңғы талап ету.

Заңды өкіл шот-фактураны ала салысымен 3-еске салғыш үшін ақы және кеш төлем жасауға байланысты пайыз сияқты қосымша айыппұл (ағымдағы прайс-листке сәйкес) төлейтін болады. Бұл айыппұл шот-фактуралары осы келісімнің 1-бабында көрсетілген электрондық

поштаға электронды түрде жібереді. Еске салғыштардың талаптарына сәйкес тамақ ақысын дұрыс төлемеген жағдайда, оқушыға мектеп тамағы берілмейтін болады.

6.5 Оқушылар немесе олардың заңды өкілдері өздерінің логин және құпиясөздерін пайдаланып, **мектепке келмейтін күннен бір күн бұрын сағат 16:00-ге дейін** ертеңгі күнге тіркелуі немесе тіркеуден шығуы керек.

6.6 Заңды өкіл баланың денсаулығындағы қандай да бір өзгерістер жайлы, сонымен қатар осы келісім аясында оқушының мектептегі сабағына әсер ететін басқа фактілер туралы бастауыш мектепке хабарлауға міндетті. Заңды өкілдер тарапынан уақытылы хабарланбаған жағдайда, мектеп сабақтарында орын алған зақымға, оның ішінде оқушының денсаулығына келтірілген зақымға мектеп жауапты емес.

6.7 Қандай да бір себеппен оқушының сабақтардан немесе мектеп бағдарламасынан қалуы мектеп ережелеріне сай қарастырылады.

6.8 Егер оқушы бастауыш мектептен басқа мектепке ауысатын болса және ол мектеп оқушының бағалары бар табельді талап етсе, ..... № 291/1991 бұйрықтың 10(2) бөлімінің негізінде ондай ақпаратты береді.

6.9 Мобильдік құрылғыларға немесе басқа да телекоммуникация құрылғыларына қатысты мәселелер жөніндегі № 27 328/2004-14 бұйрықтың 14-бөлімінде айтылғандай, ондай құрылғыларды үзіліс уақыттарында ғана қоңырау шалу, мәтіндік хабар жіберу және т.б. мақсатта ғана қолдануға болады. Сабақ барысында мобильдік құрылғыларды қолдануға болмайды. Телефон арнайы орынға, яғни мектеп кеңсесіне қойылған жағдайда ғана, мектеп территориясында сабақ өтіп жатқанда жоғалған мобильдік телефон үшін мектеп жауапты болады. Мобильдік телефондарды қолдану туралы толық ақпаратты мектептің ережелерінен көруіңізге болады.

6.10 Осы келісімнің 1-бабында көрсетілген деректерге өзгеріс енгізілген жағдайда, екі тарап та екінші тарапты 10 күн ішінде ескертуі керек.

6.11. Заңды өкілдер мектептің келісімі бойынша оқушының сабағына қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуге міндетті.

## **7-бап**

### **Қорытынды ережелер**

7.1 Бұл келісімнің екі данасы жасалады, олардың әрқайсысы екі беті де толтырылған бір парақтан және бір беті толтырылған бір парақтан тұрады. Тараптардың әрқайсысы бір-бір данадан алуы керек.

7.2 Бұл келісім белгілі бір мерзімге, атап айтқанда заң талаптарына сәйкес оқушының белім беру процесіне қатысу мерзіміне жасалады. Егер оқушы келісімді немесе мектептің ішкі ережелері мен шарттарын бұзатын болса, мектеп бұл келісімді бұзуы мүмкін. Ондай жағдайда, келісімді бұзу туралы ескертпеден 2 күн бұрын хабарлайды. Ескертпені жіберу мүмкін болмаған жағдайда, ескертпе жіберілгеннен 2 күннен кейін ол жеткізілген болып саналады. Келісім күнтізбелік айдың ішінде бұзылатын болса, келісімді бұзу туралы ескертпе жіберілген айдың қолданылмаған бөлігі үшін заңды өкілдерге ақша қайтарылмайды. Заңды өкіл оқу жылының соңында (31 тамыздан бастап) келісімді бұзуға құқығы бар. Осы кезең үшін ол мектеп ақысын төлеуге міндетті.

7.3. Осы келісімнің 1-бабында көрсетілгендей оқушылар және олардың заңды өкілдері туралы деректер мектеп қызметкерлері тарапынан расталуы керек. Деректерді растау туралы ескертпе осы келісімнің соңында көрсетілген.

7.4. Осы келісімге байланысты дау туындаған жағдайда, Чех Республикасының сауда-саттық палатасы мен ауылшаруашылық палатасы аясында процессуалдық кодекс және ережелерге сәйкес арбитраждық соттың төрағасы тағайындаған төреші немесе заңгер арбитраждық сотта даудың соңғы нүктесін қояды.

7.5 Мектеп шығынына және тамақ ақысына қатысты барлық төлемді заңды өкілдер төлейді. Осы келісім бойынша адамдар және талап етілген сома мен қарыздар туралы ақпаратты мектеп жариялауға құқы бар екендігіне екі тарап та келіседі.

7.6. Тараптар мектептің жеке басқа қатысты деректерді өңдеуіне, сонымен қатар мектептегі іс-шараларды жарнамалау және көрсету мақсатында мектептегі іс-шараларда және сабақтарда түсірілген фотосуреттерді жариялауға құқылы екеніне келіседі. Әкімші бұндай жеке басқа қатысты деректер Еуропа Парламентінің № 2016/679 (ЕО) ережесіне және жеке басқа қатысты деректерді өңдеуге және ондай деректердің еркін таралуына қатысты жеке тұлғаларды қорғау жөніндегі Кеңестің нормативтік актісіне сәйкес орындалатынын хабарлайды. Толық ақпарат алу үшін ..... қараңыз.

7.7. Тараптар заңды өкілдердің біріне жіберілген жүкқұжаттың әрқайсысы жеткізілген болып есептелетініне келіседі. Жеткізілетін адамды мектеп өзі таңдайды. Жүкқұжаттар осы келісімнің тақырыбында көрсетілген мекенжайға немесе ресми хат арқылы мектепке ескертілген немесе мектеп өкіліне бетпе-бет айтылған мекенжайға жіберіледі.

7.7 Тараптар осы келісімді жасауға толықтай құқылы екенін және оған қол қоймас бұрын, оны оқып шығып, оның дұрыстығын тексергенін растайды.

....., күні: .....

басшы орган және директор

.....  
заңды өкіл

1-баптағы оқушы және оның заңды өкілі туралы деректі тексерген:

.....

Күні .....

Қолы.....